

Қазақстан Республикасының металлургия өнеркәсібіне арналған техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталықтарын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1238. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.07.28. N 1154 қаулысымен. ~P001154

Республика металлургия өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігінің проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер және сараптау жүргізу, апattan және закымданудан сактандыру жөніндегі басқа да алдын алу шараларын жүзеге асыру қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталығының Химия-металлургия институты (Қарағанды қаласы) жанынан қара металлургия кәсіпорындарына арналған Техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Минералды шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталығының Шығыс түсті металдар ғылыми-зерттеу институты (Өскемен қаласы) жанынан түсті металлургия кәсіпорындарына арналған техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізууді қадағалау және кен қадағалау комитетіне ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметіне әдістемелік және жедел басшылық ету, осы орталықтардың ережесі мен құрылымын, олардың жұмысын реттейтін өзге де нормативтік құжаттарды пысықтау мен келісу жүктелсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен. P961031_

4. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізууді қадағалау және кен қадағалау комитеті мен Химия-металлургия институты және Шығыс түсті металдар ғылыми-зерттеу институты үш ай мерзімде аталған ғылыми-зерттеу орталықтарының ережелері мен құрылымын әзірлең, бекітсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

5. Металлургия өнеркәсібіндегі жұмыстың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-техникалық орталықтар қызметінің мынадай негізгі бағыттары

белгіленсін:

еңбек қауіпсіздігі талаптарының шарттарын негізге алып, техникалық құжаттамаға мемлекеттік сараптауды жүзеге асыру, жаңадан өзірленген, жаңартылған шетелдік металлургия жабдықтары мен бақылау-өлшеу приборларын сынау және сертификаттау;

техника қауіпсіздігі мәселелері бойынша металлургия кәсіпорындарының объектілерін салу, қайта жаңарту және жоюға (тарату) арналған жобалық құжаттамаға нысаналы сараптама жүргізу;

техника қауіпсіздігі бойынша корпорациялармен, компаниялармен, концерндермен, бірлестіктермен, кәсіпорындармен бірге ереже жобаларын және басқа да нормативтік-техникалық құжаттама жасау, сондай-ақ металлургия объектілерінде жұмысты қауіпсіз жүргізу мәселелері бойынша келісімдер мен қорытындылар беретін құжаттарды өзірлеу;

техника қауіпсіздігі мәселелері бойынша жобалық-сметалық құжаттама өзірлеуге қатысу.

6. Ғылыми-зерттеу орталықтарын қаржыландыру барлық меншік түріндегі металлургия өнеркәсібінің кәсіпорындарымен тікелей жасалған шарттар бойынша шаруашылық есеп негізінде, ал перспективалық және ұзақ мерзімді сипаттағы ғылыми-зерттеулер металлургия кәсіпорындарының техника қауіпсіздігі проблемалары жөніндегі мақсатты ғылыми зерттеулерге бөлінген аударымдарының есебінен құрылған Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитетінің орталықтандырылған қорынан жүзеге асырылсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

7. Ғылыми-зерттеу орталықтары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қолданып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес, контракт және шаруашылық есеп негізінде белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, мемлекеттік корпорациялар, концерндер, компаниялар, бірлестіктер мен кәсіпорындар ғылыми-техникалық және ғылыми тәжірибе базасын жасауда ғылыми-зерттеу орталықтарына жәрдем беретін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК